

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Л.Н.Гумилев атынағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті



**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН
ЖАҢАЛЫҚТАР»**

Докторанттар мен магистранттардың халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясы материалдарының жинағы

12 сәуір 2017 жыл

Астана – 2017

ӘОЖ 80(81) (063)
КБЖ 80/81
Г 91

Жалпы редакциясын басқарған:
ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасов

Редакция алқасы: филология ғылымдарының докторы **Ж.Ә.Аймұхамбет**,
филология ғылымдарының кандидаты **Қ.М.Байтанасова**,
филология ғылымдарының кандидаты **Қ.Қ.Сарекенова**

Г 91 «Гуманитарлық ғылымындағы ізденістер мен жаңалықтар» атты докторанттар мен магистранттардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. 12 сәуір, 2017 жыл / Жалпы редакциясын басқарған: ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2017. – 522 б.

ISBN 978-9965-31-835-1

Жинаққа «Гуманитарлық ғылымдағы ізденістер мен жаңалықтар» атты докторанттар мен магистранттардың IV халықаралық ғылыми конференциясындағы әдебиеттену, тіл білімі, фольклор, мәдениеттану мен журналистика бағыттары бойынша көкейкесті мәселелерге, жаңа ізденістерге бағытталған баяндамалар енгізілді.

ӘОЖ 80/81 (063)
КБЖ 80/81

ISBN 978-601-301-700-6

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017

МӘДЕНИ ҚАҺАРМАН ФУНКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

*Даутова Г,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
докторанты
Алматы, Қазақстан*

Резюме

В статье рассматривается образ и основные функции культурного героя. Образ культурного героя отображается в народном творчестве и в эпосах. Его главной задачей является служить народной культуре. А так же, говорится о причине возникновения взглядов на природу и культуру первобытного общества.

Summary

The article deals with the image and main functions of the cultural hero. The image of a cultural hero is reflected in folk and epose. Its main task is to serve the people's culture. And also, it is said about the reason for the appearance of views on the nature and culture of primitive society.

Мәдени қаһарман ағылшын тілінен аударғанда Culture hero, франц. Heros civilisateur, немісше Heilbringer, - адамдар үшін алғашқы мәдениет құралдарын жасайтын және табатын, оларды қолөнерге, өнерге үйрететін, әлеуметтік және мәдени ұйымдасуды, мәселен, неке ережелерін, магиялық болжауларды, салт жоралар мен мейрамдарды енгізетін мифтік кейіпкер. Мифтік кейіпкерді халықтың мінсіз билеушіні армандаудан туған қиялының жемісі деп айтуға болады. Оның бейнесі халық фольклорында және эпоста бейнеленген. Оның міндеті – халық мәдениетінің қалыптасқан үлгілеріне қызмет ету.

Мәдени қаһарман бейнесінің саралануына алғашқы қауым санасындағы табиғат және мәдениет туралы көзқарастар, әлемнің жаратылысы туралы ойлар себеп болған. Ол алғашқы теңізден жерді бөліп алады, аспанды жарық етеді, күн мен түннің, жыл маусымдарының ауысуын қамтамасыз етеді. Функционалдылық туралы ойды алғаш рет антропологияға Б. Малиновский [1, 44] түрлі мәдени құбылыстарды өзінің қайталанбас қызметтік мәнімен бірге енгізді. Бұл туралы Радклифф-Браун да жазды [2], ол бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып тұратын мәдени бірлестіктер негізіне құрылатын адамзаттық қоғам туралы тұжырым жасады. Әрбір әрекеттің негізгі қызметі қоғамда белгілі бір деңгейде маңызы бар әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады, оның үстіне құрылымдық жүйені жалғастыру да осының ішіне кіреді. Бұл мәдени кейіпкер мен халық қаһарманының әлеуметтік ортамен байланысты міндеттерінің

байланыстылығын көрсетеді, оның ішінде құрылымдық жүйені жалғастыруды да атап көрсетеді.

Мәдени қаһарманның генезисі, типологиясы ресейлік ғалымдар Е.М.Мелетинский, Ж.К.Лебедева, отандық ғалымдардан С.Қасқабасов, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, Ә.Марғұлан еңбектерінде қарастырылды. Батыр бейнесінің шығу тәркіні фольклордағы ілкі ата немесе мәдени қаһарманнан тарайды. Себебі, батыр бейнесі мифте бастау алып уақыт өте келе көне эпостарға ауысқаны дәлелденген. Соған орай, алдымен мифтегі мәдени қаһарман туралы қысқаша ақпарат беріп, олардың адамдардың игілігіне арналған әр түрлі мәдени құндылықтардың жасалуы, пайда болып жүзеге асуындағы қызметіне тоқталғанды жөн көрдік.

Мәдени жаратушы қаһарман – әлемдік мифологиядағы ең ежелгі кейіпкерлердің бірі. Ал бұдан ертеректегі образға тотемдік кейіпкерлердің - жартылай адамдардың, жартылай аңдардың арғы бабасын жатқызуға болады. Тұтастай алғанда мәдени қаһарманның әрекеттері өте ілгері мифтік уақытқа жатады. Әлемнің қазіргі жағдайы олардың әрекеттерімен өлшенеді. Сондықтан мәдени қаһармандар жайлы мифтер табиғаттағы және тұрмыстағы түрлі құбылыстардың шығу тегін түсіндіретін, яғни этиологиялық мотивтерге толы.

Мәдени қаһармандар жергілікті жердің бедерін, теңіздің жоғары көттерілуі мен саябырсуын, жыл мезгілдерінің ауысуын, күннің шығуын, ай мен жұлдыздарды жаратады, от пен тұщы суды әкеледі, адамдарға жеуге жарамды өсімдіктер мен жануарларды белгілейді, адамдарды аңшылықтың түрлері мен егіншілікке үйретеді, еңбек құралдарын жасайды, тотемдік топтарға, тектерге, неке класстарына бөлуді енгізеді, тәртіп ережелері мен салт-дәстүрді бекітеді.

Мәдени қаһармандар – адамдарды тәрбиелеуші алғашқы адамдар, әрі жаратушылар. Олар өздерінің ісін аяқтап біткен соң, жерге не аспанға қайтады, кейін жұлдызға айналып кетеді немесе ұшы қиыры жоқ теңізге ағып кетеді. Бірақ демиургтардың («демиург» - гр. тілінен «қолөнерші», «шебер», «жасампаз» сөзбе –сөз: «Халық жасампазы») әрекеттері ылғи мақсатты болып келмейді. Кейде өмірде жер бетінің көрінісі мен мәдениеттің көрінісі саналы шығармашылық күштердің емес, өздігінен кездейсоқ пайда болған оқиғалардың қатарына жатады. Алғашқы мифология жеткілікті жағдайда табиғат пен қоғамды сараламайды. Қоғам табиғат құбылыстарымен тепе-тең суреттеледі. Сондықтан, бір жағынан, тектік ұйымдардың пайда болуы мен қоғамдық тәртіп ережелері жер бетінің пайда болуымен тұспа-тұс табиғи үрдіс ретінде суреттеледі, екінші жағынан, аспандағы жарықтың көмегімен адамдардың өмір сүруіне қажетті жағдайды қамтамасыз ету үшін еңбек құралдарын жасау мен отты пайдаланумен тығыз байланысты.

Е.М.Мелетинский айтқандай, «сәл кейінірек немесе осылармен қатар демиургтардың қыштан, темірден және тағы басқалардан табиғи немесе мәдени құрылғыларды жасауы туралы мифтер жиі кездеседі» (мәдени

қаһармандар мен демиургтардың саралануы туралы мифтер о баста табиғат пен мәдениеттің аражігін ажыратудан пайда болған). Архаикалық мифологияда алғашқы тектер – демиургтар – мәдени кейіпкерлер өзара бір-бірінен ажырамас кейіпте яғни синкретті түрде сипатталған» [3, 25].

Мәдени элементтердің пайда болуы туралы аңыздар демиургтардың адамдардың өмірін жақсарту мен еңбегін жеңілдету мақсатынан туған. Бұл аңыздар табиғатты адамдардың өзіне бағындыру тілегінен туған. Кейде мәдени қаһармандар өз тіршілігіне қажетті отты, тұщы суды, егін дәндерін, еңбек құралдарын бұрынғы өз ататектері жануарлардан, адам жейтін жауыздардан, дуа жасаушылардан, бақсылардан, тіпті ежелгі австралиялық және меланезийлік миф кейіпкерлерінен алуына тура келеді. Тұрмыстық мәдениетке қажетті заттарды айламен ұрлау – мәдени қаһармандар жайлы мифтердің қалыпты тақырыбы [4, 336-337].

Мифті жасаушылар үшін тарихи ойлау таңсық дүние деп айту қиын. Қоғамдық құрылғы, салт-дәстүр мен дағдылар (әрине, тайпа көлемінде) ойлаудың мызғымас және ажырамас бөлігіне айналды. Сәттілік немесе сәтсіздікке ұшырау тікелей дәстүрлі жазбаларды қатаң сақтауға байланысты болды. Бір кездегі әлемдегі барлық жаратылыс мәдени кейіпкерлердің немесе тотемдік арғытектердің әрекетінің нәтижесі ретінде мифтік дәуірге енді. Егер еңбек құралдарының жаңа түрін жасау туралы әдіс ойлап табылса немесе шаруашылық қызметке байланысты қандай да бір жаңа ой туса, ол міндетті түрде жаңа мифтің пайда болуына себеп болды, оның үстіне ондай мифтерде жаңалық мифтік дәуірдің тарихына бірден жазылып, белгілі бір заңдылыққа айналып, мәдени қаһарманның айнымас бөлігі есебінде танылған. [4, 337].

Мәдени қаһармандар жайлы мифтерде адамның шығармашылық қызметі жүзеге асырылады. Бірақ моральдық тұрғыдан алғанда, әсіресе архаикалық нұсқаларда, мәдени қаһармандар ойлау тұрғысынан жетілмейді және олардың басынан өткен жағдайлар адамдарға «қалай жасау керек» немесе «қалай жасауға тиіс» деген қағидаттармен үлгі ретінде қалып отырды. Мәдени кейіпкерлер тарапынан бұрынғы қағидаттардың, ережелердің бұзылуы олардың құрылымдық дәуірде, әлемді қатаң тәртіпке салудан бұрын шартталуымен түсіндіріледі.

Сонымен, мәдени қаһармандардың мақсаты әлемді құру болды, оның үстіне жай ғана абстрактілі құру емес, антропоэзектілік тәртіпте құру көзделді, яғни адам әлемнің жаратылысына өзек болған басты тірек болды. Осыған байланысты мәдени қаһарман әдетте құдайларға қарсы тұру мінезін көрсете отырып, әлемді жаратушыға қарсы шығып отырды. Мәдени қаһармандардың образы, әсіресе, архаикалық мифтерде және табиғат пен әлеумет арасында байланыс қызметті атқаратын образдары бақсылардың образына сәйкес келеді. Бақсының әлеуметтік қызмет атқарушы ретінде пайда болуы мифологиялық кейіпкердің шынайы тұлғаға айналуына, архетиптік мифологемадан әлеуметтік маңызы бар пішінге және жеке сананың ұжымдық ойлауының жүзеге асуына себеп болады.

Осылайша, діни көзқарастардың есебінен мәдени қаһарман құдайдың, елшінің және бақсының қызметін атқара алады, ал халықтың көркем шығармашылығы негізінде ол эпос қаһармандарына айналады. Сонымен, мифологиялық кейіпкер кім? Бір қарағанда бұл туралы бірыңғай қалыптасқан пікір жоқ. Біз мәдени қаһарманды бірнеше аспектіде қарастыруды ұсынар едік: ол біріншіден, нақты мифтің немесе мифтердің әрекет етуші тұлғасы, екіншіден, архетип, үшіншіден, құдай немесе жартылай құдай және мәдени қаһармандық белгілері бар нақты өмір сүретін адам. Мифтердің немесе мифтің мәдени қаһарманы ежелгі кейіпкер ретінде, тіпті Жоғарғы құдайдан да ескі кейіпкер ретінде танылуы – анық көрсетілген аспектіге жатады. Біз мәдени қаһармандар жайлы аңыздардан, әңгімелерден, ертегілерден, кейінірек қалыптасқан эпостардан, трагедиялардан, повестерден білеміз. Тек өте сирек жағдайда ғана мәдени кейіпкер жайлы тарихи дереккөзден мәлімет ала аламыз, бірақ бұл аталған жағдайларда да қаһармандардың өмірі жайлы шынайы жағдайлар фантазияға, аңызға құрылады.

Мәдени қаһарманның мифологияландырылуы екі бағытта жүзеге асады – біріншісі шынайы өмірдегі адамның аңызға айналуы және екіншісі жерге тән емес субъектінің адамға айналуы.

Мәдени қаһарман архетип ретінде адамдардың қорғаушыға, ақылшыға, ұйымдастырушыға, көсемге «жер бетіндегі» жағдайды реттеушіге мұқтаж екенінің нақты көрінісі бола алады. Бұл архетип көсем, жаратушы, Жоғарғы қорғаушы, Демиург, таңғажайып жауынгер архетиптерімен тектес келеді. Мәдени қаһарман мен жаратушының арасында байланыс барына еш күмән жоқ. Кез келген мәдени қаһарман ерекше күшке еш қатысы болмаса да, таңғажайып қабілеттерге ие. Кейде мәдени қаһарман мен құдайдың арасында ешқандай шек болмайды. Көптеген құдайлар мәдени қаһармандардың бойында бар қасиеттерге ие. Жаратушы құдайлар, заң құдайлары, соғыс құдайлары – бұлардың әрқайсысының бойында мәдени қаһарманға тән аспектілер кездеседі.

Мәдени қаһарманның негізгі функциясының мәні неде? Оларды әлемнің құрылымның пайда болуымен түсіндіруге болады, «әлемдік құрылу» деген ұғымның астарына адамның кез келген әрекетін жатқызуға болады, мәселен, адамның позитивті және негативті әрекеттері, макроғарыштық және микроскопиялық жағдайлар. Осы қызметтер арқылы мәдени қаһарман негізі үш түрлі істі жүзеге асырады деп айта аламыз. Біріншіден, адам қауымында бұрын жоқ нәрсені жаратып, немесе адамның қолы жетпеген жаңа нәрсені пайда болдырады; екіншіден табиғат құбылысын реттеп, ғарышты үйлесімге келтіреді (жаз бен қыс, жауын-шашын т.б.); үшіншіден әлеуметтік қатынастардың ережелерін бір қалыпқа келтіреді (салт-дәстүр) [4, 199].

Әлемдік құрылу – бұл түрлі бағыттағы әрекеттерді бірыңғайландыру мақсатында әлем бағынған заңдарға біріктіру. Алғашқыда ең алдымен әлемдік құрылу космология үрдісімен, яғни хаосты жеңумен тығыз байланысты. Әлемді құрудың жаһандық мәні хаосты ғарышқа айналдыру болып табылады.

Әдетте бұл қызмет ұлы жаратушыға ғана тән, бірақ мәдени қаһармандарға қарағанда құдайлар жоғары сатыға көтерілген туындылар болып табылатынын естен шығармаған жөн.

Бірақ бір-бірінен ажырамастай болған хаос пен ғарыштандыруды жеңу әлемді құрудың алғашқы әрі ең маңызды актілерінің бірі. Мәдени қаһарманға әлемді шексіз құру міндеті жүктелген. Ол әлемді бейберекеттіктен, түрлі құбыжықтар мен дұшпан халықтардан құтқаруы тиіс, яғни мәдени қаһарман қорғаушының міндетін де атқарады. Көптеген мәдени қаһармандар осы қызметтері арқылы ажыратылады. Мәселен, Гильгамеш көрші билеуші хан Агуды жеңеді, Хумбабу атты алыпты мерт қылады, Аспан бұқасын жеңеді. Бұған қоса олардың маңызды қызметтерінің қатарына барлық жер бетін барлық жағдаймен қамтамасыз ету де жатады. Прометей адамдарды отпен, тамақпен, біліммен қамтамасыз етті. Және ең соңғысы, мәдени қаһармандардың негізгі мотиві адамдарды мәңгі өмір сүруші ету болды, нақтырақ айтқанда, құдайлардың ұрлап алған мәңгі өмірін қайтару болды. Ал, қырғыз батыры Манас мәдени қаһарман, мифтік рухани күш ретінде әлемдік ағашпен сипатталады. Сол себептен, манастанушы зерттеушілер батырды тек эпос кейіпкері немесе тарихи тұлға деп қоймай, мәдени қаһарман ретінде де қарастырады. Ғарыштық Манас қырғыз эпосының шынайы рухани негізі болып табылады. Профессор, Ш.Б. Ақмолдаев өзінің «Ежелгі қырғыздардың рухани әлемі» [5, 66-71] атты еңбегінде қырғыздардың ата-бабалары жайында айтылған аңыздарында Манас әлемдік ағаш ретінде көрініс тапқандығын, осы образ арқылы бүкіл уақыт пен кеңестік қалыптасып, Манас әлемдік ағашқа қызмет көрсететінін жазады. Оны біз төменде келтірілген «Манас» жырының өлең жолдарынан көре аламыз:

«Коломтодан бир терек
Колтойо терек чыгыптыр,
Бир бутагы кайрылып
Айдын көзүн алыптыр,
Бир бутагы кайрылып
Күндүн көзүн алыптыр!
Бир бутагы кайрылып,
Асмандын көзүн алыптыр...
Бир бутагы кайрылып
Жердин жүзүн алыптыр [6]

Сондай-ақ, тувалық Ары-Хаан, башқұрттық Урал-батыр, якут Нюргун батырларының ерліктерін (мәдени қаһарманның сипаты бар эпикалық қаһарман – Д.Г.) айтуға болады.

Тувалық аңыздарда басты қаһарман ерекше жаратылысқа ие. Ғайыптан бала көтеру құбылысы мен болашақ қаһарманның дүниеге келуі сынды мотивтер түрлі халықтардың эпостары мен мифтерінде кеңінен танымал. Бірақ

тувалықтарда батыр тегінің ерекшелігі қалыпты сипатқа ие, себебі тіпті қарапайым түрде өмірге келген батырдың өзі өз ата-анасы ретінде Жер мен Аспанды атайды (Қара-Көгел «Моге Шагаан-Тоолай», Танаа-Херел «Танаа-Херел», Хунан-Кара «Хунан-Кара» тувалық қаһармандық сюжеті). Сонымен қатар, тувалық эпоста батырдың таудан дүниеге келуі туралы сирек кездесетін мотив те бар, ол тувалықтар тастарға жазған жазбаларға негізделген тау құдіреттерінің культіне, тас мұнаралары мен құрбандық шалған орындарына байланысты болса керек. Тувалық Ары-Хаан батырдың дүниеге келуі мотиві бірнеше болжамдардан тұрады. Бұл мотив біріншіден, өте ежелгі аңыздардағы ағаштың өмір мен жемістілігінің символы ретінде танылуымен тығыз байланысты. Ары-Хаан пайда болатын іргі бейнесі осындай жолмен дүниеге келу идеясын жүзеге асырады.

Сонымен қатар, берілген аңызда қаһарманның ана деп атауына себепші мифтік Жермен сакральды байланысы бар. Қаһарманның дүниеге келуі барлық тіршілік атауын жарататын жер ананың мотивімен сәйкес келеді. Екінші жағынан, аспаннан түсіп, бас қаһарманға көмектесетін байталдың образы да назар аударарлық, көне түркі генеалогиялық мифтерге, сонымен қатар жылқыға байланысты культтік сенімдерге сүйенсек, мұны тотемдік арғы баба ретінде қарастыруға болады. Ақыры, қаһарманның «өздігінен туғанмын» деген сөзіне қарасақ, оның ғажайып күйде дүниеге келуі оның өздігінен өмірге келуімен түсіндірілуі мүмкін. (тув. «чайгаар торээн»). Бұл барлық болжамдар алғашқы жаратылыс туралы идеяға келіп тіреледі - қаһарман дүниеге алғашқы адам ретінде, алғашқы арғы ата ретінде келеді. Батырдың қарапайым отбасында, қарапайым жағдайда дүниеге келуі де, біздіңше, өте терең мифологиялық-семантикалық шарттылыққа ие. Баласы жоқ қарттарда баланың пайда болуы ғажайып жүкті болу мен дүниеге келуіне тікелей жақын. Ешқандай туыстығы жоқ қарт ата-ана мен бала-сәбиді ерекшелеп көрсету қаһарманның өз ата-анасы ретінде жер мен көкті атауының себебін айқын да анық түсіндірсе керек. Оның үстіне, қаһарманның әкесі өлгеннен кейін өмірге келуі бір қарағанда ғажайып күйде дүниеге келудің нышаны болмағанымен, қаһарманның дүниеге келуінің ерекше, қайталанбас сипатын көрсетеді («Моге Шагаан-Тоолай» эпосында кездеседі). Осылайша, тувалық аңыздардағы эпикалық қаһарманның таңғажайып, ерекше күйде өмірге келуі сынды мотивтердің негізінде түркі-моңғол халықтарының өте ежелгі наным-сенімдері жатыр.

Башқұрт халқының атақты «Урал батыр» эпосында бірден ерекшеленіп, көзге түсетін ешнәрсе жоқ. Бірақ сюжетін зер салып талдағанда біреудің етінің дәмін татқан соң немесе қанын ішкеннен кейін таңғажайып күш-қуатқа ие болатын ежелгі наным-сенімдердің іздері байқалады.

Башқұрт эпосында мәдени қаһармандардың қатарына кіретін, қарт әкешесінің бақытына орай тас кесектен пайда болған - Алып батыр. Бірақ ұзақ уақыт өтпей әкесі көз жұмады. Өлер алдын әкесі тек бір «Алып» сөзін айтып үлгереді. Кейін Барсын сұлуды кездестіріп, жекпе-жекте жеңіп, қызға

үйленеді. Эпос соңында ол қайтадан биік таулы тасқа айналып, халық ол тауды батыр атымен атайды. Сөзсіз, «Алып батыр» эпосында мифологиялық мотивтер маңызды рөл атқарады. Алып батыр мен Барсынхылуның жеті ұлы Алып батырдың жеті ізі қалған Урал жерінде башқұрттардың жеті руының негізін салды. Соңғы кезге дейін ертегі сюжеті түрінде қабылданып, батырлық ертегілер жиынтығына енгізіліп келеді.

Башқұрт халқының «Урал батыр» эпосында бас кейіпкердің ғашығы құс бейнесінде суреттеледі. Әртүрлі халық эпостарында бір-біріне ұқсас элементтер қазіргі жағдайда батыр қалыңдығының құс кейіпінде екені көне дәуір адамдарының хайуанаттар әлемімен туыстас болғанына сенгендігінің дәлелі ретінде түсіндіріледі. Мұндай кейіпкерлер көбінесе рудың, жалпы адам атаулының алғашқы анасы немесе атасы ретінде бейнеленеді. Көбінесе архаикалық эпостың бас кейіпкерлері адам мен жануарлардың ортасында дүниеге келеді. Бұған қазақтың көне эпосы «Мұңлық-Зарлық» та Ғайып ерен қырық шілтен оларды суға түсірмей қағып алып, тауға тастан үй салып, ағалы-қарындасқа бір киікті ана қылып беретін сарынын айтуға болады. Бұл туралы Б.Әзібаева былай дейді: «Мұңлық-Зарлық» жырында анаеркі (матриархат) дәуірін меңзейтін белгілер молынан ұшырасады. Сонымен қатар мұндай сарын басқа жырларда да кездеседі, мысалы, «Шеризат-Гүлшат» дастанының кейіпкері Шеризатты арыстанның ұрғашысы емізеді, Көрұғлыны бие емізеді». [7, 306-307] Фольклортанушы В.М.Жирмунскийдің айтуынша, осындай сюжеттердің шығуы «тотемизммен», яғни алғашқы қауым адамының айуанмен, тәңір-тотеммен қарым-қатынаста болуымен байланысты. [8, 180] Түрлі халықтардың үйлену той салтында айтылатын өлең шумақтарында да осындай элементтер байқалады (Мысалға, қалыңдықты аққуға, үйрекке, кербұғыға ал жігітті болса, сұңқарға немесе аңшыға теңеулері).

Сонымен, рудың алғашқы атасы, демиург, мәдени қаһарман көне эпоста кездесетін мифтік ұғыммен тығыз байланысты. Мәдени қаһармандар негізінен көне эпос кейіпкерлері болып табылады. Олар классикалық эпос батырлар ұқсап, өздері сияқты адамдармен емес, жоғарғы не болмаса төменгі әлемдегі сиқырлы күштермен күреседі. Көбінесе, аңшы-мергендік, егіншілікпен айналысады. Қазақ эпостарына карағанда, тува, хакас, якут, бурят эпостарында мәдени қаһарман бейнесі айқын байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Малиновский Б. Научная теория культуры. - М.: ОГИ, 1999. - 208 с
2. Radcliffe-Brown A.R. A Natural Science of Society. Glencoe, IL: Free Press, 1957, p. 38.
3. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса: Ранние формы и архаические памятники / Е.М. Мелетинский. - 2-е изд., испр. - М.: Вост. лит., 2004. -462 с.
4. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. (Москва: Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы, 1976. - Академия наук СССР.

Институт мировой литературы им. А.М. Горького. Серия «Исследования по фольклору и мифологии Востока»)

5. Акмолдоева Ш.Б. Дреинекыргызская модель мира (на материалах эпоса «Манас»). -Бишкек: Клим. 1996. - 15, 25 п.л.
6. «Манас»: Эпос. 1-китеп. – Фрунзе: Кыргызстан, 1984.
7. Бабалар сөзі, 52-том. – Астана: Фолиант, 2004. – Б.349.
8. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Избранные труды. – Ленинград., 1973. - С.725

ӘОЖ 82-96

МАКСИМИЛИАН МЮЛЛЕРДІҢ МИФОЛОГИЯ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҮЖЫРЫМДАРЫ

Еділова Г.Е.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

II курс магистранты,

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Аймұхамбет Ж.Ә.

Астана, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются концепции, взгляды, мифологические исследования известного немецкого мифолога М.Мюллера. В середине XIX века романтики наметили новый подход – лингвистический, согласно которому искать сущность мифа следует в его неразрывной связи с языком. Основопологающим лингвистической теории мифа был ученик Шеллинга Максимилиан Фридрих Мюллер. Основную идею лингвистической теории мифа Мюллер лаконично выразил как: «Мифология – болезнь языка». И его лингвистическая теория мифа нашла органическое продолжение и развитие в солярно-метеорологияческой теории мифа.

Summary

This article examines the concepts, views, mythological studies of the famous German mythologist M. Muller. In the mid-nineteenth century, romantics outlined a new approach - linguistic, according to which the essence of the myth should be sought in its inseparable connection with the language. The founder of the linguistic theory of myth was the student of Schelling Maximilian Friedrich Muller. The main idea of the linguistic theory of myth Muller laconically expressed as: "Mythology - a disease of the language." And his linguistic theory of myth found an organic continuation and development in the solar meteorological theory of myth.

Мифологиялық мектеп – еуропалық романтизм дәуірінде пайда болған фольклористика мен әдебиеттанудағы бағыт. Мифологиялық мектепті мифологиямен, мифологиялық теориямен бірдей деп санамау қажет. Дегенмен, мифологиялық мектеп мифология мәселелерімен де айналысты, бірақ кейін ұлттық мәдениеттің бастауы ретінде оның теориялық құрылымындағы әмбебап мағынаға ие болды және фольклордың шығу тегі

мен пайда болу мәнін түсіндірді. Мифологиялық мектептің философиялық негіздері – Ф.Шеллинг пен ағайынды А. және Ф.Шлегель романтизмінің эстетикасы. 18 ғасырдың аяғы мен 19 ғасырдың басында арнайы зерттеулер жарық көрді: рационалист Х.Г. Хейненің «Мифология бойынша нұсқаулық» («Руководство по мифологии») (1787-1795), идеалист Г.Ф. Крейцердің «Байырғы халықтардың символикасы және мифологиясы...» («Символика и мифология древних народов...») (1810-1812) және т.б. Крейцердің мифтерді мистика-символикалық тұрғыда талқылауы ғалымдардың және Г.Гейненің «Романтикалық мектеп» («Романтическая школа») еңбегінде сыналды. Мифтерді зерттеудің идеалистік тенденциясын Шеллинг негіздеді. Шеллинг тұжырымы бойынша, миф – поэзияның байырғы түрі, кейін одан философия мен ғылым пайда болды. Ол «Өнер философиясы» («Философии искусства») (1802-1803) еңбегінде «мифология кез келген өнерге қажетті шарттылық және алғашқы материал» деп көрсетеді [1, б. 105]. Мифология теориясы «шынайы дін» ретінде Шеллингтің 1845-1846 жылдардағы дәрістерінде толығырақ орын алғаны белгілі.

Осы көзқарас Ф.Шлегель еңбектерінен де орын алған. Ғалым «Фрагменттерінде»: (1797-1798) «Поэзияның ядросын, орталығын (кіндігін) мифология мен көне мистериядан іздестіру қажет», - деп тұжырымдайды [2, б. 65]; Шлегель тұжырымы бойынша, өнер мифо-шығармашылықтың негізінде ғана жүзеге асады, сондықтан неміс ұлттық мәдениетінің бастауы болып ежелгі герман мифологиясы мен оның халық поэзиясы саналады [3, б. 67]. Бұл идеяны А.Шлегель дамытты, оның фольклормен байланысын зерттеуші романтиктер Л.Арним, К.Брентано, Й.Гёррес және мифологиялық мектепті қалыптастырып, тарихта аты алтын әріппен жазылған ағайынды Якоб мен Вильгельм Гриммдер де зерттеді. Ағайынды Гриммдер кейбір фольклористикалық идеяларын Шеллинг пен Шлегель мифологизмімен байланыстыра қарастырды. Олар халық поэзиясы «күдіретті бастауға» («божественное происхождение») ие деп білді; мифтің эволюциясы барысында одан ертегі, эпос, аңыз және т.б. бөлініп шықты.

Ағайынды Гриммдер тіл біліміндегі салыстырмалы әдістемені фольклорға көшіре отырып, түрлі халықтың көне мифологиясындағы фольклорлық ұқсастықтарды анықтай білді. Осыдан келе «арғы миф» («промиф») ұғымы пайда болды. Олардың пікірінше, негізгі мифологиялық дәстүр әсіресе неміс халық поэзиясында жақсы сақталған. Гриммдердің көзқарастары теориялық түрде «Неміс мифологиясы» (1835) зерттеу еңбегінде тұжырымдалған.

Мифологиялық мектептің өкілдері А.Кун, В.Шварц, В.Манхардт (Германия), М.Мюллер, Дж.Кокс (Англия), А. де Губернатис (Италия), А.Пикте (Швейцария), М.Бреаль (Франция), А.Н. Афанасьев, Ф.И. Буслаев, О.Ф. Миллер (Ресей) болды.

Мифологиялық мектеп екі негізгі бағытқа бөлінді: «*этимологиялық*» (миф ұғымының лингвистикалық реконструкциясы) және «*аналогиялық*»

(мазмұны жағынан ұқсас мифтерді салыстыру). Мифтанудағы этимологиялық бағыттың өкілі А.Кун «Нисхождение огня и божественного напитка» (1859) және «О стадиях мифообразования» (1873) еңбектерінде мифологиялық образдарды, олардың атауларын санскрит сөздердің семантикалық жақындығы әдісі арқылы талқылаған. Ол салыстырмалы зерттеуге төрт кітаптан тұратын үнділік «Веда» (Ведалық әдебиет) еңбектерін алып қосты. Мұндай зерттеу әдістерін Максимилиан Мюллер «Салыстырмалы мифология» (1856) және «Ғылым мен тілдің оқулары» (1861-1864) еңбектерінде негізге алады. Мюллер екі томдық «Мифология ғылымына үлес» (1897) атты еңбегінде сөз етілген лингвопалеонтология әдісін жасап шығарды. Кун мен Мюллер әртүрлі үндіеуропалық елдердің мифологиялық бейнелеріндегі ұқсастықтарды анықтап, мифтерді мағынасын табиғат құбылыстарына жақындатты. Осыдан келіп Мюллердің – күн мен айды ізгілік пен зұлымдықтың бастауы, жұлдыздарды адам тағдырына қатысты деп қарастырған солярлық, Кунның күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылы, дауылдың тұруына ерекше назар аударған метеорологиялық теориясы мифтанудағы бір аспектіге негіз болды [4, б. 12]. Миф желісін құдіретті табиғи құбылыс – әулиелілік (светило) (Мюллердің «нұр теориясы») не болмаса найзағай (жасын, нажағай) және т.б. (Кунның «метеорологиялық теориясы») деп қарастырды.

Солярлық-метеорологиялық теорияға сәйкес ежелгі адам үшін құпияға толы, түсініксіз болған табиғат құбылыстары оның санасында бір біріне ұқсас көріністер мен құбылыстардың ассоциациялануы түрінде бейнеленеді. Мұндай байланыс пен ассоциация нәтижесінде метафоралар туындады. «Адамның сөйлеу тілінде, ежелгі діндер сөздігі тек метафорадан тұратынын назарға алсақ, абстартылы ұғымдарды метафора мен гиперболаның көмегімен жеткізу мүмкін емес еді. Ал, жаңа әлемде бұл метафоралар ұмыт болды», - деп жазады Мюллер [6, б. 29]. Мысалға мынандай метафораларды – мифологиялық образдарды келтіруге болады: күн – аспанда жүзген от шашқан дөңгелек, күннің күркіреуі – алып дөңгелектің дүрсілі немесе бұқаның өкіргені, құйрықты жұлдыз – жауынгердің қолындағы отты қылыш, жайтас – аспанда ұшқан айдаһар, аққан жұлдыз – адамның өткен өмірі мен аспандағы белгісіз тіршілік иесі лақтырған найза, т.б.

М.Мюллер үш түрлі ірі салада қызмет атқарды: үнді филологиясы, дін тарихы және лингвистика. Оның «Ригведальар» (Rigveda-Samhita, together with the commentary of Sayanacarya, Лондон, 1849-1873; 2-басылым, 1890-1892, 4-том) атты еңбегі XIX ғасырдың ірі жаңалығына айналды.

М.Мюллер мифтің шығу тегін «күн (нұр) теориясы» арқылы түсіндірді. Оның мәні мифтің пайда болуының алғышарты күн (нұр) мен әулиелерді құдайға балау болып саналды.

Күн мифтері – Күнді және оның жер бетіндегі тіршілікке тигізетін әсерін мифке айналдыру; ол, әсіресе, ай мифтерімен тығыз байланысты болып келеді.

Ғылыми әдебиетте күн мифтері деп қаһармандардың бойында күн рәуіштес қырлары, яғни мифологиялық қаһарман ретіндегі күнге ұқсас қырлары көрініс табатын мифтер аталады. Кең мағынасында күн мифтері астральді мифтер қатарына жатады.

М.Мюллер қазіргі дінтанудың негізін салушылардың бірі болып табылады. Ол салыстырмалы әдісті мифология мен дінтану аясында қолдануға бетбұрыс жасады. М.Мюллер көне тілдерді білу зерттеушіге адам жанының құпияларын танудағы және ежелгі адамдардың діни наным-сенімдерінің шын мәнісін анықтаудағы, құдайлар атаулары мен олар туралы мифтер жайындағы әсерлерін білудегі кілт екеніне сенімді болды.

1870 жылы М.Мюллер дінтануда салыстырмалы әдісті ұстануды ұсынды. Ол діндерді тіл мен ойдың аналогиялық дамуы тұрғысынан қарастырып, олардың генетикалық байланыстарын көрсетті және сол айтылғандарды айтарлықтай тарихи мәліметтермен бекітіп отырды. Бұл тілдік және діни үш орталықты анықтауға септігін тигізді: арийлік, семит және тұрандық. Түрлі діндегі қасиетті мәтіндерді салыстыру әлеуметтік мәдени феномен ретінде дінтану мәселелерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Дін тарихы саласында М.Мюллер өзінің «Салыстырмалы мифология» (Essay on Comparative Mythology; 1856) атты еңбегінде **мифтің «табиғи» болмысы** концепциясын алға тартты. Ол адам табиғат құбылыстарын персонификациялайды (кейіптейді) және күнді, көкті, ай мен нажағайды құдайдай көреді деп есептеді. Құдайлар – «атқа» айналатын сын есімдер, ал мифологияны **«тіл дерті»** деп атауға болады. Осылайша, мифология лингвистикамен тығыз байланысқа ие болады.

Діннің тылсым қырлары жоқ, себебі адамның ойлау қызметі сезім арқылы қабылдауға негізделген. Сезімнің арқасында танушы субъектінің қоршаған орта туралы қос текті нысаннан туындайтын танымы пайда болады. Олардың біріне оңай қол жеткізуге болады әрі ол адамның қарапайым сезімдеріне де оңтайлы. Басқасын белгілі бір сезім арқылы түйсінуге болады, бірақ оған қалғаны қол жеткізе алмауы мүмкін. Мысалы, адамзат Күн, Ай және жұлдыздарды көз арқылы көре алады, бірақ оларға қол жеткізу мүмкін емес, сол себепті оларға қол жеткізудің мүмкін болмауы алғашқы адамдарға Қол жетпейтін нәрсе мен Шексіздік туралы ой туғызды. Сол ой Құдай туралы идеяның пайда болуына алып келді. Адамның ойлау жүйесіне бұрыннан тән бейнелілік Құдай туралы идеяның таза абстракция болып табылмайтындығынан, нақты бір заттар немесе құбылыстар түрінде көрініс табатындығынан көрінеді. Бастапқыда Күн құдай болып есептелмеген, ол тек тәңіршілдік идеясының символы болды. Кейіннен салыстырудың метафоралық табиғаты ұмыт болып, адам Күнді Тәңір деп санай бастады.

Сөздердің метафоралық ұғымнан тура мағынасындағы ұғымға көшуін Мюллер **«тіл дерті» деп атады**. «Мифология – басқа ештеңе емес, тілдің ежелгі қабыршағы» [5, б. 67] деп түйген Мюллер мифология мен тілдің туыстығын екеуіне де тән метафоралық сипатпен байланыстырады. Біз

ауызекі сөйлеу тілінде «Күн шықты» деген тіркесті жиі қолданамыз, сол арқылы Күнге тіршілік иесінің сипатын таңамыз. Мюллердің пайымдауынша, алғашқы адам осы тіркестің шартты, метафоралық сипатын түсінді, алайда, неге екені белгісіз, кейін оны ұмытып, жеке заттар мен құбылыстарды күдіретке теңей бастады. Бастапқыда ауыспалы мағынаға ие тіркестер нәтижесінде жеке мағынаға ие болды.

Осы тұрғыдан алып қарасак, дін дамымайды, керісінше тоқырауға ұшырайды. Себебі Тәңірді танудың жалғыз дұрыс түсінігі алғашқы адамдарға ғана тән еді. Тіл осы ұғымды өзгеріске ұшыратты, сондықтан қазіргі адамдарға дін ретінде нағыз шынайы сенімнің болмашы тамтығы ғана бұйырды.

Мифологиялық концепциядағы көзқарастар бойынша, дінді зерттеудің ең дұрыс әдісі филологиялық және этимологиялық зерттеулер әдісі болып табылады. Ол өз кезегінде қасиетті мәтіндердегі мифтер мен тәмсілдердің бастапқы мәнін ашуға мүмкіндік береді. Ежелгі грек мифтерінің бірінде Аполлон кейін одан қашып кетіп, күдіреттің күшімен лавр бұтағына айналған Дафнаға ғашық болады. Мюллер бұл сюжетті былайша тәржімелейді: Аполлон – *күн құдайы*, ал Дафна деген есім тура мағынасынан бөлек «лавр бұтағы» және «таңсәрі» деген ауыспалы мағынаға ие. Осылайша, қарапайым табиғат құбылысы туралы баяндайтын мифте Таңсәріден кейін Күннің шығуы туралы сөз етіледі.

Бұл әдіс кейбір мифтерді түсіндіруге мүмкіндік бергенімен, оның абсолютті шындыққа айналуы Троя соғысы да күн мифі болған деген сияқты даулы тұжырымдарға алып келді. Мюллердің діннің туындау табиғаты туралы филологиялық пайымдар бойынша салыстырмалы түрде шындыққа сәйкес келетін тұжырымдары тарихи деректермен мүлде бекітілмеген болып шықты, сол себепті барлық мифологиялық концепцияны тұжырымдайтын анағұрлым нақты сипаттаманы британдық антрополог және Эдварда Эванс-При-чард (1902–1973) берді: «Дінді зерттеудегі Макс Мюллердің ықпалы өміршең болған жоқ әрі Мюллердің өзі де оған куә болды».

Макс Мюллер, сондай-ақ, өзінің лингвистикалық еңбектерімен де көпшілікке танымал болды. Өз кезеңінде оның «Тіл білімі туралы ғылым» (*The Science of Language*, Лондон, 1861-1863) атты еңбегі үлкен ғылыми жетістік болды. Мюллер А.Шлейхердің тілді биологиялық организм дегеніне қосылмайды. Оның пайымдауынша, «тіл – биологиялық организм емес, ойлау құралы. Тіл – адам баласы тарихының жанды, дыбыстық куәсі, адамды хайуанаттар дүниесінен бөлетін негізгі белгілердің бірі. Тілдің биологиялық организм болмайтын себебі – онда табиғи организмде болатындай өзгеге тәуелсіз, өзіндік өмір болмайды. Оның өмірі адамға байланысты. Адам оны күнделікті тұрмыста қолданса – өмір сүргені, ал адам оны қолданыстан шығарса – өлгені. Сондықтан тілді биологиялық организм деу қате». Бірақ Мюллер тілді биологиялық организм емес деп дұрыс айта тұра, сол тілді

зерттейтін ғылым – лингвистиканы жаратылыстану ғылымдары тобына қосады. Өйткені Мюллер тілдегі болатын әр түрлі құбылыстарды тілдің даму тарихы деп санамайды, биологиялық организмдердегі сияқты жай өсу ғана дейді. Сөйтіп лингвистиканы биологиялық ғылымдар тобына қосады. Шлейхер сияқты Мюллер де «тарих», «өсу» дегендер арасына шек қояды. Бірақ осы дұрыс тұжырымнан теріс қорытынды жасайды. Мұндағы айырмашылық рухтың объектідегі өзгеріске әсер етуі я әсер етпеуі деп есептейді. Егер онда рух әсері болса, ол даму болады да, ол болмаса, даму емес, тілдің бүлінуі, кері кетуі дейді. Бұл – идеалистік, теріс тұжырым. Лингвистикалық теория бойынша, миф адамзат ақыл-ойының дамымағандығын, жұтандығын, қауқарсыздығын емес, сананың қуаты менен «халық рухының» ұлылығын паш ететін тілден, сөйлеуден туындаған ерекше құбылыс ретінде түсіндіреді [7, б. 37].

Қорытындылар болсақ, М.Мюллер – мифтің лингвистикалық теориясының, мифтің тарихи дамуында мифтің пайда болуының негізгі факторы ретінде алға шығатын мифологиялық концепциялардың негізін қалаушылардың бірі. Ол «мифология – тілдің ежелгі қабаты» деп тұжырым жасай отырып, лингвопалеонтология әдістемесін жасап шығарды. М.Мюллердің кейбір тұжырымдары сынға алынған болатын. Дегенмен ол салыстырмалы Әдісті мифология мен дінтану аясында ӘолдануӘа бетӘрыс жасады. Осылайша, түрлі діндегі қасиетті мәтіндерді салыстыру әлеуметтік мәдени феномен ретінде дінтану мәселелерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шеллинг Ф.В.Й. Философия искусства. Сер. Философское насл. Под общей редакцией М.Ф. Овсянникова. Перевод П.С. Попова. Москва: Изд. «Мысль», 1966. – 488 стр.
2. Шлегель Ф. Фрагменты по литературе и поэзии. // Литературные манифесты западноевропейских романтиков. – М.: Изд. Моск. университета, 1980. – 640 стр. С. 65-66
3. Шлегель Ф. История древней и новой литературы. / Литературные манифесты западноевропейских романтиков. – М.: Изд. Моск. университета, 1980. – 640 стр.С. 66-68
4. Аймұхамбет Ж.Ә. Мифтанудағы лингвистикалық тәсіл ұстанымдары. «Қазақ фольклортануының бүгіні мен болашағы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2016. – 340 бет.
5. Мюллер М. Сравнительная мифология // Мюллер М. От слова к вере.Миф и религия: пер. с нем. / М.Мюллер, В.Вундт. – М.: Эксмо; СПб.: Terra Fantastica, 2002. с. 106 – 208.
6. Мюллер М. Введение в науку о религии // Религиоведение. Хрестоматия /Сост. и общ. ред. А.Н.Красникова. – М.: «Книжный дом «Университет»», 2000. – с. 14 – 114.

7. Найдыш В. Философия мифологии. XIX – начало XXI в. М.: Альфа-М, 2004. -544с.

ӘОЖ 82-91

МИФТІК ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ «ҒАЖАЙЫП МЕКЕН» ПІШІНДЕРІ

Еркебай Д. Е.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

I курс магистранты,

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Аймұхамбет Ж.Ә.

Астана, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассмотрены понятия и приметы «Прекрасной обители», ее формы в мифическом познаний. Основное содержание исследования составляет анализ мифических стран возникших в результате мечты человечества найти вечную жизнь. Приведены примеры из мифологии разных стран, такие как: Шамбала, Авалон, Камелот, Хай-Бразил, Елисейский поля, Атлантида.

Summary

In this article concepts and examples of "Beautiful residence" are considered, its forms in mythical cognition . The main content of the research makes the analysis of the mythical countries arising up as a result of dream of humanity to find eternal life. Examples from mythology of different countries are given: Shambala, Avalon, Camelot, Hy-Brasil, Champs Elysees, Atlantis.

Уақыт өтіп, заман өзгергенмен, адам табиғаты, оның негізгі мақсат-мұраттары өзгермес. Айталық, жанға жайлы, бақытты ғұмыр кешетін «ғажайып мекенді» аңсау – бағзы замандардан келе жатқан мифтік сюжет. Бүгінгі таңда ғылыми бағыттардың антропоэзектік принципте дамуы – ежелден сақталып жеткен ата-баба мұрасына жаңаша талдау жүргізіп, ұмыт болған құндылықтарды ұрпақ санасында жаңғыртумен ерекшеленеді. Осы орайда зерттеу жұмысымыздың өзектілігі – адамзат аңсарынан туындаған ғажайып мекен пішіндерін талдай отырып, адамзат баласына ортақ мотивтің ерекшелігін түйсіну.

Ғажайып мекен – мифтік таным бойынша мәңгілік өмір тұрағы. Біздің заманымызға жеткен ежелгі Қосөзен, Мысыр, Үнді, Қытай, жалпы алғанда, барлық ежелгі өркениеттердің көне жазбаларында бұл тұрақты түрде кездесетін сюжет. Демек, ежелгі өркениет өкілдері рухтың мәңгілік өмір сүретініне сеніп, дене өлгеннен кейін өзінің екінші мекеніне, яғни «мәңгілік мекенге», «о дүниелік өмірге» аттанатынына сенген. Уақыт өте бұл миф

МАЗМҰНЫ

І бөлім. ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Ағали Ә.С.</i> Еңлік-Кебек трагедиясының тарихы, жазылуы мен Жариялануы.....	4
<i>Ашимова М.Г.</i> Шерхан Мұртазаның «Алапар мен Динго» әңгімесінің поэтикасы.....	9
<i>Алтынбекова Г.П.</i> Нар тұлғалы Нартай.....	16
<i>Әбділманатқызы Ә.</i> Феминистік сынның дамуындағы постструктуралистік әдістің рөлі.....	22
<i>Әбдіманап М.Ә.</i> «Алмас қылыш» романындағы «мәңгілік ел» идеясының көрініс табу негіздері.....	28
<i>Әбілғазы Қ.</i> Қазақ тарихи романының даму үдерісі.....	39
<i>Әлменбет А.Е.</i> Қаламгер психологиясы және оның шығармадағы көрінісі.....	43
<i>Әуесхан А. Ә.</i> Бөкейханның бір аудармасы туралы.....	47
<i>Бабашова Д.М.</i> М.Әуезов пен О. Бальзак шығармаларындағы пейзаждың әлеуметтік мәні.....	53
<i>Базылбеков М.Қ.</i> "Ант" тарихи дастанын зерттеуде математикалық зерттеулерді пайдалану.....	58
<i>Берішбаева Ф.</i> Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы ұлттық характер табиғаты.....	64
<i>Боранбай Қ.Ж.</i> Қазақ әдебиетіндегі ұлы дала бейнесі.....	70
<i>Боранбай Қ.Ж.</i> Жыраулар поэзиясындағы ұлы дала бейнесі.....	74
<i>Бөкен Г.С.</i> Драмадағы экзистенциалдық фрустрация (қазақ-поляк шығармалары негізінде).....	79
<i>Ғазизов Ғ.Д.</i> Әлихан Бөкейхан – тұңғыш абайтанушы.....	85
<i>Жалғасова Ж. Е.</i> Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің философиялық дүниетанымы.....	92
<i>Жанарбекқызы Е.</i> Әлихан Бөкейханның әдеби-эстетикалық көзқарасы.....	97
<i>Жұмағалиева Б.О.</i> Ж.Тілепбергелінің «Қайран елім-ай» әңгімесіндегі қазақ қызының тағдыры.....	102
<i>Қарипбаев Ж.Т.</i> Назира және әлем әдебиеті.....	107
<i>Қали А.М.</i> Тәуелсіздік жылдарындағы поэмалардың тақырыптық-жанрлық ерекшеліктері.....	112
<i>Қалишабек Б.Н.</i> Ұлт тағдырының жыраулық поэзияда бейнеленуі.....	116
<i>Қанатова Т.Қ.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы дискурс табиғаты.....	121
<i>Қойшыбай М.Қ.</i> Жұматай Жақыпбаев жырларындағы «туған жер» немесе «Сарноқай тауы».....	125
<i>Молдабекова А.Н.</i> С.С. Қирабаев – әдебиеттанушы.....	131
<i>Мұханбедиева Ж.М.</i> Қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесі.....	136

ІІІ бөлім. ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ

<i>Ахметжанова Г.С.</i> Апараттық соғыс және оның қызмет ету алаңы.....	420
<i>Әли С.Ф.</i> Іскерлік журналистика және ғаламтор.....	424
<i>Даутова Г.</i> Мәдени қаһарман функциясы туралы.....	430
<i>Еділова Г.Е.</i> Максимилиан Мюллердің мифология туралы ой-тұжырымдары.....	437
<i>Еркебай Д. Е.</i> Мифтік дүниетанымдағы «ғажайып мекен» пішіндері	443
<i>Қапалова Ә.І.</i> Ақпараттық қауіпсіздіктің қоғамдағы орны.....	449
<i>Кәріпжанова Ә.Т.</i> Қазіргі басылымдардағы денсаулық тақырыбын жазу ерекшеліктері.....	454
<i>Қараман М.Б.</i> Қазіргі жарнаманың тілі мен стиліне қойылатын талаптар.....	460
<i>Қондыбаева Г.О.</i> Академик С. Қасқабасов – қазақ халық прозасын зерттеуші.....	464
<i>Маликов С.К.</i> Антропоморфные и не антропоморфные каменные изваяния в культуре древних тюрков.....	470
<i>Миразова М.Н.</i> Архетип тұжырымы және К.Г.Юнг теориясы.....	478
<i>Омарова Г.М.</i> Айтыс өнеріндегі импровизаторлық дәстүр.....	483
<i>Омарова Г.М.</i> Импровизация мен ұлттық әдебиеттің ара қатынасы.....	493
<i>Рыспанбетова С.Д.</i> Баба ерлігі – әдебиет арқауы.....	499
<i>Сейілова А.</i> «Ер Қосай» жырындағы мифологиялық және діни сарындар.....	502
<i>Buteyev. B, Petek. E</i> Kazak atasözlerinde kadin -dede Korkut örneği.....	511

Таралымы 100 дана
Пішіні 60x84 1/16 Көлемі 32,6 б.т
Қаріп түрі «Times New Roman»
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
010008, Астана қ., Қажымұқан к., 13/1